

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін 2012 жылы әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 25 шілдедегі N 5-6 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Көксу ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 16 тамызда N 2-14-134 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 2013 жылғы 19 тамыздағы N 20-2 шешімімен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 19.08.2013 N 20-2 ш е ш і м і м е н .

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабы 5-тармағына сәйкес, Көксу ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін 2012 жылдың бюджет қаражаты есебінен 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде әлеуметтік кө м е к б е р і л с і н .

2. Көксу аудандық мәслихатының 2011 жылғы 31 тамыздағы "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алу үшін 2011 жылы әлеуметтік көмек беру туралы" N 59-4 (Алматы облыстық Әділет департаментінде 2011 жылдың 22 қыркүйектегі 2-14-113 нөмірімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2011 жылғы 30 қыркүйектегі Көксу аудандық "Нұрлы Көксу" газетінің 39(94) нөмірінде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың ауданның

білім, мәдениет, денсаулық сақтау, жастар ісі жөніндегі тұрақты комиссиясына
ж ү к т е л с і н .

4. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан мәслихатының хатшысы,
сессия төрағасы *Ә. Досымбеков*
КЕЛІСІЛДІ:

Көксу ауданының жұмыспен
қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімінің бастығы *Айгүл Нұртайқызы Шаяхметова*
25 шілде 2012 жыл

Көксу ауданының қаржы
бөлімінің бастығы *Серік Сапарұлы Нұрмұхамбетов*
25 шілде 2012 жыл